

"Рио+10" тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Саммитіне дайындық және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 430 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.19. N 345 қаулысымен.

2002 жылғы 26 тамыз - 4 қыркүйекте Йоханнесбург қаласында (Оңтүстік Африка Республикасы) өткізілетін "Рио+10" тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Саммитіне тиімді дайындалу және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Рио+10" тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Саммитіне дайындық және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Комиссияның құрамы;
- 2) Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002

жылғы

15

сәуірдегі

N 430 қаулысымен

бекітілген

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 922 қаулысымен.

"Рио+10" тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Саммитіне дайындық және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Тоқаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Қасымжомарт Кемелұлы істер министрі, төраға;
Самақова - Қазақстан Республикасының
Айткүл Байғазықызы Қоршаған ортаны қорғау министрі,
орынбасар;
Исекешов - Қазақстан Республикасының
Әсет Өрентайұлы Индустрия және сауда вице-министрі;
Асанов - Қазақстан Республикасының Әділет
Жақып Қажманұлы вице-министрі;
Жалғасбаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Нұрлан Аделұлы істер министрлігі Көпжақты
ынтымақтастық департаментінің
директоры;
Төлебаев - Қазақстан Республикасының
Алмас Қажкенұлы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігі Халықаралық
ынтымақтастық және мемлекеттік
ғылыми-техникалық бағдарламалар
департаментінің директоры;
Брагин - Қазақстан Республикасының
Александр Геннадьевич Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Құқықтық қамтамасыз ету
және халықаралық ынтымақтастық
департаментінің директоры, хатшы;
Ермекова - Қазақстан Республикасының
Несіпбала Әбсағитқызы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігінің Салалық органдар
шығыстарын жоспарлау департаменті
директорының орынбасары.
Төлебаев Алмас Қажыкенұлы - Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі
Халықаралық ынтымақтастық және
мемлекеттік ғылыми-техникалық
бағдарламалар департаментінің
директоры;

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2002

ж ы л ғ ы

15

с ә у і р д е г і

**Рио+10 тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының
Дүниежүзілік Саммитіне дайындық және 21-ғасырға арналған
Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу
жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1. Рио+10 тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Саммитіне дайындық және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып т а б ы л а д ы .

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдерін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерін, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдерді және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Рио+10 тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Саммитіне (бұдан әрі - Рио+10 Дүниежүзілік Саммиті) тиімді дайындық және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және енгізу;

2) Рио+10 Дүниежүзілік Саммитіне дайындыққа және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеуге байланысты іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары мен өкілеттіктері

4. Комиссия белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу және оның пилоттық бағдарламалары мен жобаларын іске

асыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) Рио+10 Дүниежүзілік Саммитіне Комиссияның құзыретіне жататын қажетті материалдарды тиімді дайындау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және енгізу үшін жекелеген мәселелер бойынша жұмыс топтарын құруға;

3) Комиссияның қарауына жататын мәселелерді шешу үшін мемлекеттік органдардың өкілдерін және комиссияның құрамына енбеген мүдделі ұйымдарды тартуға;

4) Комиссияның құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін қажетті ақпараттар мен материалдарды мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан сұратуға және алуға құқығы бар.

4. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметі

5. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктеледі.

Комиссияны төраға басқарады. <*>

Жұмысты ұйымдастыруды, тиісті материалдарды, ұсынымдарды дайындауды Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

Комиссия отырыстары қажетіне қарай, бірақ кемінде жылына бір рет өткізіледі.

Комиссияның шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады, хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие.

Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 922 қаулысымен.

5. Комиссия қызметінің тоқтатылуы

6. Комиссия қызметінің тоқтатылуына:

1) Комиссия қызметі мерзімінің өтуі;

2) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;

3) Комиссияға бұрын жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың немесе өзге де комиссияның құрылуы;

4) Комиссия міндетінің орындалуын мүмкін емес ететін немесе қажетсіз ететін өзге де жағдайлар негіз болып табылады.

7. 6-тармақта көрсетілген мән-жайлар туындаған жағдайда, комиссияның төрағасы болып табылатын лауазымды тұлға не төрағаның шешімі бойынша Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен Үкіметтің тиісті шешімінің жобасын Үкіметке енгізеді.

Осы тармақта көрсетілген тәртіп Комиссияның құрамына немесе функцияларына өзгерістер енгізу қажеттігі жағдайында да қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК